

Р. Э. Харлоу

**ҚҰДАЙДЫҢ
ҚЫЗМЕТШІСІ**

Эммаустың кітаптары

УДК 27
ББК 86.37
Х 20

Харлоу Р.И.
Х 20 Құдайдын қызметшісі
Алматы, “Шығыс сәулесі”,
2010, 56 с.

ISBN 9965-896-24-0

Инжілші Марқа Исаның, Жаратқан Иенің ең ұлы Қызметшісінің өмірі туралы әңгімелейді. Иса не істесе де әрқашан Тәңір Иеге ұнамды болуын ойлаған.

Бұл кітап Марқа жазған Инжілдің негізінде Исаның өмірі туралы баяндайды. Және Иса Жерде өмір сүрген кезінде жасаған Оның істерін қысқаша етіп сипаттайды.

Кітап оқырманға Исаның жерде сүрген өміріне еліктеуіне үлгі болады.

УДК 27
ББК 86.37

ISBN 9965-896-24-0

© Эммаус

КІРІСПЕ

Сіздің Киелі жазбаларға қызығушылық танытқаныңызға біз қуаныштымыз. Біздің кітаптарымыз Киелі жазбаларды оқып-үйрену әрі олардың ұлы ақиқаттарын ұғу үшін керемет материал болып табылады.

Біз сізге жазбаларды оқып-үйрену үшін жиырмадан астам кітаптарды ұсынамыз. Оларда Таураттағы, Пайғамбарлар жазбалары мен Забурдағы, сондай-ақ Інжілдегі басты ақиқаттар және басқа да тақырыптар қарастырылған.

Біздің мақсатымыз - сіздің Иса Мәсіхпен қарым-қатынасыңызды нығайтуыңызға көмектесу. Сонда сіз Жаратқан Иенің даңқын арттыру үшін өмір сүре бастайсыз. Біздің ешқайсымыз да өзімізді тумысымыздан жолы болмас бейшарамын деп сезінбеуіміз қажет: біз жеңімпаз болу үшін туылдық. Ендеше неден бастағанымыз жөн? Біреу бұл жайлы былай деген екен: «Күнәнің тас қараңғы жолынан Құдайға қайта оралудың жолы бар. Сенің кіре алуың үшін ашық тұрған есік бар. Күнәкар ретінде Исаға келгенде сен жаңа өмірге ие боласың».

ОҚУДЫ ҚАЛАЙ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН ЖӨН

Құдайға мінажат етіп, Одан өз Сөзі арқылы оқып-үйрететін ақиқаттарын ұғып қабылдауға жүрегіңізді ашуын сұраңыз.

Кітапты сіз өздігіңізден оқып-үйренесіз, ол сіздің *жеке* жұмысыңыз болмақ. Сондықтан басынан бастап-ақ кітапты аяғына дейін оқып шығуды көздеңіз. Көптеген адамдар Киелі жазбаларды үй жағдайында өздігінен оқып-үйрену арқасында Құдайға әлдеқайда жақындай түскен.

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Әрбір сабақ оқу материалы мен тексеру сұрақтарынан тұрады. Сіздің міндетіңіз оқулықтағы материалды және сол сабаққа сай келетін Киелі жазбалардағы мәтінді мұқият оқып-үйреніп, тексеру дәптеріндегі сұрақтарға жауап беру.

Сабақ материалын меңгеріп, тексеру дәптеріндегі тапсырмалардың бәрін орындап шыққаннан кейін, жұмысыңызды көрсетілген мекенжайға салып жіберіңіз. Нұсқаушылар оны тексеріп болғаннан кейін нәтижесін өзіңізге қайтарады. Онда қосымша нұсқаулар мен ескертулер беріледі, олар сіздің бұдан кейінгі жұмыстарыңызға көмегін тигізбек. Соларды мұқият қарап шығыңыз. Әсіресе өзіңізге қиын болған сұрақтардың жауаптарына айрықша көңіл бөліңіз.

Оқылған кітаптың әрбір бөлігінің түсінікті болғанына көз жеткізіңіз. Егер әлі де түсініксіз сұрақтарыңыз болса, ол туралы нұсқаушыға жазып жіберіңіз. Сіздің сол кітаптың материалын толықтай меңгергеніңіз маңызды.

ОҚУ ӘДІСТЕРІ

1. График жасаңыз

Кітапты түгелдей нәтижелі оқып шығу үшін алдымен оны аптасына қанша сағат оқытыныңызды анықтап алыңыз. Біз сізге аптасына кем дегенде үш сағаттан оқуға кеңес береміз. Оқуға неғұрлым көбірек уақыт бөлсеңіз, ол соғұрлым сізге тиімді болады. Мұндағы ең бастысы - оқудың жүйелілігі. Оқу аралығына тым ұзақ үзіліс жасамаңыз. Бірде-бір материалды қалдырып кетпеу аса маңызды. Оқуды кейінге қалдырып немесе кейбір материалдарды оқымай тастап кетсеңіз, оларға қайта оралудың әлдеқайда қиынға соғатынын көресіз.

2. Оқыңыз және оқылғанды түсінуге тырысыңыз

Қажетіңізге жарауы мүмкін бірнеше қарапайым кеңестер береміз.

Оқуды Құдайға мінажат етуден бастаңыз. Жаратқан Иеден үйрететін Сөздерінің ақиқаттарын қабылдауға жүрегіңізді ашуын сұраңыз (Забур 118:18). Кітапты оқуды бастамас бұрын сабақтардың тақырыптарымен танысыңыз. Содан кейін оқу материалын аз дегенде екі рет мұқият оқып шығыңыз. Бірінші рет тақырып жайлы жалпы түсінік алу үшін оқыңыз, содан кейін зейін қойып, асықпай, тағы да оқыңыз.

Киелі жазбадан келтірілген үзінділерге мән беріңіз. *Жаратқан Иенің Сөздерін оқу және оқып-үйрену өздігінен де әрі сабақтың құрамдас бөлігі ретінде де айрықша маңызды.*

Кітапты оқып отырғанда әр абзацтағы негізгі ойларды, сөздерді немесе сөз тіркестерінің астын сызып қоюыңызға болады. Мұндай маңызды тұстар әр бөлімнің соңғы жағында талдап қорыту үшін жиі берілген. Оған көңіл бөліңіз. Парақтың жиегіне мәтінді қайта қараған кезде пайдалы бола алатын ескертулерді жазып қойыңыз. Сабақ материалын жазбалардың мәтінімен салыстырыңыз.

Мәтінде кейбір қиын терминдерге түсіндірмелер берілген. Мұнан басқа сізге мүлдем таныс емес сөздер де кездесуі мүмкін. Ондай жағдайда мәдени және рухани ұғым атауларының сөздігін пайдаланған жөн.

3. Барынша тырысыңыз.

Оқу материалдарын өзіңіз құрған графикке сай жүйелі түрде оқып-үйренуді жалғастыра беріңіз.

Жіберген қателіктеріңізді уайымдамаңыз, маңыздысы - солардан сабақ алу. Өткен материалды қаншалықты меңгергеніңізді тексеру жұмысыңыз толықтай көрсетеді. Уақытты тиімді пайдалануды үйреніңіз. Оқу материалын қарап шығуға және оқып-үйренуге уақытыңызды аямаңыз.

Ол бостан-босқа да өтіп кете алар еді ғой.

4. Өзіңізді түпкі мақсатқа жетуге жұмылдырыңыз

Оқушы ретінде енді сіз Киелі жазбаларды үй жағдайында оқып-үйренуге шешім қабылдап миллиондаған адамдар тобының қатарына өттіңіз. Бұл кітаптар солардың көпшілігіне Жаратқан Иеге толымды қызмет етуге жол ашты.

БІРІНШІ САБАҚ

ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ЕРКІН ОРЫНДАУ

САБАҚ ЖОСПАРЫ:

1. Марқа жазған Ізгі хабардың I-тарауын оқыңыз.
2. Осы сабақтың материалын мұқият оқып шығыңыз.
3. №1 тексеру жұмысының сұрақтарына жауап беріңіз.

Марқа жазған Ізгі хабарда Жаратқан Иенің ең ұлы қызметшісі - Иеміз Исаның өмірі туралы жазылған. Иса әрқашан Әкесінің еркін орындады.

1-11 аяттардан біз Жақияның Иордан өзенінің жанында тұрып, өздерін күнәкарлармыз деп мойындап алдына келген адамдарды шомылдыру рәсімінен өткізгенін білеміз. Ешқандай күнәсі болмаса да бір күні Иса оған келді. Жақия Исаға шомылу рәсімін орындап жатқанда көктен Оған ризашылығын білдірген Жаратқан Иенің даусы шықты. Шомылу рәсімінен өткен Исаны эзәзіл шайтан азғырып, сынақтан өткізді (12-13 аяттар). Киелі жазбаның басқа жерлерінен де біз Исаның бірде-бір күнә жасамағанын біліп аламыз.

Бұдан кейін Иса төрт ер адамға кездесіп, оларды Өзінің соңынан еріп, Жаратқан Иенің қызметшілері болуға шақырды (14-20 аяттар). Олар барлығын да тастап, Исаға шәкірт болып ерді. Олардың ақиқатқа қол жеткізіп, Исаның Құдайға арнаған жұмысына көмектескілері келді.

Қапарнаум қаласында Иса яһудилердің мәжілісханасына барып, жын соққан бір кісінің бойындағы жындарды

куып шықты. Мұнан кейін Ол Шимон мен Әндірдің үйіне барды. Шимонның қайын енесі безгекпен ауырып, төсек тартып жатыр екен. Иса әйелдің қасына барып, оны қолынан ұстағанда, ол сол сәтте-ақ ауруынан жазылып кетті (21-31 аяттар).

Бұдан соң көптеген халық ауруларынан сауығу үшін Исаға келді. Иса халықтың барлығына сүйіспеншілік көрсетіп, Өзіне келгендердің бәріне де көмектесті. Құдай адамдарды Өзінің сүйіспеншілігіне бөлейді. Оның шынайы Қызметшісі Иса да адамдарды сүйді.

Бірде Исаға алапеспен ауырған бір кісі келді.

Алапес ауруы - жұқпалы жаман ауру. Арнайы көмексіз одан жазылып кету мүмкін емес. (Қазіргі күні мұндай ауруларға кәсіби білікті маман ғана көмек бере алады.)

Алапес адамға ешбір ем қолданылмаса, ол біртіндеп, қатты азап шегіп өледі. Сол адам Құдай алдында күнә жасаған күнәкарға ұқсайды. Мұндай адам күнәкар болғандықтан өзін күнәларынан құтқаратын біреуге мұқтаж. Егер күнәлары кешірілмей өліп кетсе, ол құтқарыла алмайды.

Ауруынан сауығу үшін Исаның алдына келуімен алапес адам дұрыс қадам жасады. Ол Исадан: «Егер қаласаңыз, мені құлантаза сауықтыра аласыз», - деп өтінді. Ол өзін Исаның сауықтыра алатынын білді, бірақ Исаның мұны сауықтырғысы келетініне сенімді болмады. Ал Иса еш мүдірместен, бірден-ақ оған: «Қалаймын, құлантаза сауығып кет!» - деп, үстіне қолын қойып сауықтырды. Сонымен біз Исаның оны сүйгенін және сауықтыра алғанын көреміз. Осы мысалдан Құдайдың бізді сүйетінін және Исаның бізді күнәдан құтқара алатынын білеміз.

ЕКІНШІ САБАҚ

ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ҚЫЗМЕТШІСІН КЕЙБІР АДАМДАР ЖЕК КӨРЕДІ

САБАҚ ЖОСПАРЫ:

1. Марқа жазған Ізгі хабардың 2-3 тарауларын оқыңыз. Егер түсініксіз сөздер кездесіп жатса, біреуден мағынасын түсіндіріп беруін сұраңыз.
2. Осы сабақтың материалын мұқият оқып шығыңыз.
3. №2 тексеру жұмысының сұрақтарына жауап беріңіз.

2-тарауда Жаратқан Иенің ұлы Қызметшісі басқа бір ауру адамды сауықтырады.

Әйтсе де бұл адам сауықтырудан да гөрі күнәларының кешірілуіне көбірек мұқтаж еді. Сондықтан да 5-аятта біз Исаның: «Балам, сенің күнәларың кешірілді!» — дегенін оқимыз. Сол жерде болған яһудилер Құдайдан өзге ешкімнің де күнәларды кешіре алмайтынын білетін. Бірақ олар Исаның Жаратқан Иенің рухани Ұлы екенін және Онда жер бетінде күнәларды кешіру билігінің бар екенін білмейтін. Сондықтан да олар Иса туралы жаман ойлап қалды (2:7).

Аурудан әлсіреген адамның бұлшық еттеріне күш беруімен Иеміз Иса соларға жауап берді.

Ауру адам орнынан тұрып, төсенішін жинап алып, үйіне кетті. Бұл кереметті көрген барша жұрт шаттана қуанды. Ал ру ақсақалдарының бірқатары қатты ашуланып, наразыланды. Олар Иса жайлы жаман өсек таратты, өйткені Ол күнәкарларды жақсы көріп, олармен бірге дастарқандас болды (2:16), ал шәкірттері басқалар сияқты

ораза ұстамады (2:18).

Осы оқиғадан кейін бір демалыс күні Иса шәкірттерімен бірге егіндік арасымен өтті. Өздерімен бірге алып шыққан тамақтары болмағандықтан, олар біраз масақ үгіп алып, жеді. Сонда яһуди ақсақалдары мен парызшылар діни демалыс күні істелген кез келген жұмысты күнә деп есептеді. Иса оларға Өзінің демалыс күнінің де Иесі екенін айтты (2:28).

Демалыс күні тыныққан жақсы, алайда Құдай біздің күнәларымызды тек заңды ұстағанымыз үшін ғана кешірмейді ғой. Құдай бізді сүйеді және біз үшін өлімге басын тігіп Өзін Құрбан еткен Иеміз Исаға сенімімізді артсақ, күнәларымызды кешіріп, бізге ақталу сыйлайды. Үшінші тарауда біз қолы семіп қалған бір адам туралы оқимыз. Діншіл яһудилер Иса сол адамды демалыс күні болса да сауықтырар ма екен деп аңдыды. Иса әлгі діншілдерден демалыс күні жақсылық жасауға бола ма деп сұрады. Бірақ олар үндемеді. Сонда Иса айналасындағыларға ашулана қарап, жүректерінің қасарысқанына қайғырды, өйткені олар Оған сенбейтін еді. Алайда Исаның тәлімін тыңдауға қарапайым адамдар сансыз көп келді және көпшілігі Оған сенімдерін артты. Бүгінгі күндері көптеген адамдар Иса туралы жаман айтады. Бірақ Иса - Жаратқан Иенің мүлтіксіз Қызметшісі, Ол әрдайым Құдайдың еркін орындайды. Құдайды сүйетіндер Оған тек Иса Мәсіх арқылы ғана келуге тиіс. Бұдан басқа жол жоқ, ол ешқашан болған емес, болмайды да.

3:31-35 аяттарда шешесі мен туған бауырларының Исаға келгені жайлы баяндалған. Алайда Иса: «...Құдайдың еркін орындаушылар Маған бауыр, қарындас, шеше іспетті», - деп жауап берді. Сізге Құдайға келуіңізге көмектесе алатын арада жүруші біреудің қажеті жоқ, тек Иса ғана Құдайға келуіңізге көмектесе алады. Иса сіздің Өзіне қазір келуіңізді күтіп отыр.

ҮШІНШІ САБАҚ

ИСАНЫҢ ХАЛЫҚҚА ТӘЛІМ БЕРУІ

САБАҚ ЖОСПАРЫ:

1. Марқа жазған Ізгі хабардың 4-тарауын оқыңыз.
2. Осы сабақтың материалын мұқият оқып шығыңыз.
3. №3 тексеру жұмысының сұрақтарына жауап беріңіз.

Біз Жаратқан Иенің Қызметшісі Исаның барлық ауру адамдарға көмектескенін көреміз. Алайда олар жалғыз денсаулыққа ғана мұқтаж емес еді. Құдайдың өздерінен күткенін істей алулары үшін адамдар Құдайдың қандай екенін білуге тиіс. 4-тарауда Исаның халыққа тәлім беріп, үйреткені баяндалған.

Иса түрлі топыраққа себілген тұқым туралы айтып бергенде көл жағасындағы халық өте көп болды (1-9 аяттар). Кейін Ол осы астарлы әңгіменің мағынасын шәкірттеріне түсіндіріп берді.

Дәндердің кейбіреулері жол бойына түсіп қалады, көп кешікпей құстар ұшып келіп, оларды шоқып, жеп қояды. Мұндай дәндер Мәсіх жайлы Ізгі хабарды естіп, бірақ оны түсінбеген адамдарға ұқсайды.

Әзәзіл шайтан келіп, жақсы дәндерді ұрлап алып кетеді. Әзәзіл шайтан - Құдайды және адамды жек көретін жаман рух. Ол Ізгі хабардың дәндерін сіздің жүрегіңізден ұрлап алып кетуге ұмтылады.

Басқа дәндер тастақ жерге себіледі, онда топырақ өте аз болатын. Көп кешікпей дәндер өсіп шығады, алайда күннің ыстығынан қурап кетеді. Кейбір адамдар Иса туралы хабарды қуанышпен қабылдайды, алайда

бастарына қайғы не қуғын түскенде, дереу сенімдерінен безіп, бұрынғы жолдарына қайта оралады.

Біраз дәндер тікен арасына себіледі. Олар жақсы дәндерді тұншықтырып, өсірмей тастайды, сондықтан олар жеміс бермейді. Мұндай дәндерді мынадай адамдармен салыстыруға болады. Адамдар Ізгі хабарды естиді, алайда бұ дүниелік тұрмыс қамын ойлап, тікендер сияқты олар да өнім бермейді. Байлыққа жетсем деген тілек те дәндердің өсуіне жол бермейді.

Ал, міне, біраз дәндер құнарлы топыраққа себілді, олар өсіп, өнім берді. Сондықтан да Иса туралы Ізгі хабарды естігенде Одан жүректеріңізге енуін сұраңыздар. Тек сонда ғана сіздер өз өмірлеріңізде жемісті болып, Құдайға шынайы қуаныш әкелесіздер.

Иса халыққа бұдан басқа да астарлы әңгімелер айтып берді. Кейінірек олар қайыққа мініп, көлдің арғы бетіне қарай беттеді (4:35-41). Алайда сұрапыл дауыл көтеріліп, Иса отырған қайық толқын астында қалып, суға тола бастады. Исада ешқандай қорқыныш болған жоқ. Ол Өзін Құдайдың қамқорлайтынын білді, содан да Оның жүрегі тыныштыққа кенелген еді. Жаратқан Иенің рухани Ұлы Иса жел мен толқындарға «Тына қал!» деп бұйырды. Сонда лезде дауыл басылып, жым-жырт тыныштық орнады. Өмірдің аумалы-төкпелі кезеңдерінің бәрінде де тек Иеміз Иса Мәсіх қана сізге шынайы жантыныштығын сыйлай алады. Оған сенім артудың уақыты - қазір. Ол сізді сүйеді, барлық күнәларыңызды кешіріп, жан дүниенізге тыныштық сыйлайды.

ТӨРТІНШІ САБАҚ

ЕР АДАМ, ӘЙЕЛ АДАМ ЖӘНЕ ҚЫЗ БАЛА

САБАҚ ЖОСПАРЫ:

1. Марқа жазған Ізгі хабардың 5-тарауын оқыңыз.
2. Осы сабақтың материалын мұқият оқып шығыңыз.
3. №4 тексеру жұмысын орындаңыз.

Жаратқан Иенің Қызметшісі істеген барлық ісін керемет жақсы жасады! 5-тараудан біз Оның адамдарға ізгілікпен қызмет еткенін көреміз: Ол жын қинаған бір ер адамды азат етіп, ауру әйелді сауықтырып, қыз баланы өлімнен қайта тірілтіп алады.

Сол ер адамды жын соққан еді (5:1-20). Ол қабірге арналған үңгірлерде тұратын. Ешкімнің де оған күші жетпеді, ол тіпті шынжырларды да сындырып қашып кететін. Ол күні-түні айқай салып, өзін-өзі таспен ұрғылайтын. Біздің барлығымызды Құдайдан алшақтатуға тырысатын зұлым рух - шайтан оны билеп алған болатын. Шайтан кез келген адамнан күшті. Жаратқан Иенің рухани Ұлы Исадан өзге ешкім де бізді күнәнің немесе шайтанның күшінен құтқара алмайды.

Иса зұлым рухқа сол адамнан шығып кетуге бұйырды. Бұдан әрі біз жаңағы жын буған кісінің ақыл-есі кіріп, киініп, Исаның аяқ жанында отырғанын көреміз (15-аят). Осы мысалдан біз тек Исаның ғана жүрекке тыныштық орната алатынына көз жеткіземіз. Иса сол адамға үйіне қайтып, туысқандары мен дос-жарандарына Жаратқан Иенің өзіне не істегені туралы айтып беруге бұйырды (19-аят).

Иса сапарын одан әрі жалғастырып, көптеген халық Онымен бірге ілесіп жүрді (24-аят). Тобырдың ішінде он екі жыл бойы қан кетіп ауырған бір әйел бар еді. Оны көптеген дәрігерлер емдеп жаза алмаған, ал халі бұрынғысынан бетер нашарлай түскен болатын. Әйел Исаға арт жағынан жақындап келіп, шапанына қолын тигізді. Сонда Исадан сауықтыру құдіреті шығып, әйел сауыққанын сезінді. Исадан өзге ешкім де әйелдің не істегенін білген жоқ. Иса әйелге бұрылып: «Замандас, сенімің арқылы құтқарылдың. Аман-есен қайта бер, қинаған дертіңнен айықтың!» - деді (5:34). Исаның бізге де жаныныштығын сыйлауға билігі бар.

Мәжілісхана жетекшісінің қызы қатты ауырып, өлім аузында жатқан болатын. Ол қызын сауықтыруын өтініп Исаға келді (23-аят). Иса солай қарай беттегенде мәжілісхана жетекшісінің үйінен кісілер келіп, қыздан айырылып қалғандарын хабарлады (35-аят). Иса қыздың әкесіне: «Қорықпа, тек сенімің болсын!» - деді. Үйдің ішіне кіргенде Иса қайтыс болған қыздың қолынан ұстап, оны қайтадан тірілтті. Бұған барлық адамдар қайран қалысты. Ал Иса оларға бұл туралы ешкімге тіс жармауды ескертіп, қызға тамақ беруге бұйырды.

Өлу - адамның өмірінен айырылуы. Сізде осы жер бетіндегі өмір бар, бірақ Құдай Исаға сенетіндерге көктегі өмірді сыйлайды. Сіз оны Құдайдан сатып ала алмайсыз, еңбектеніп те қол жеткізе алмайсыз, не атқарған жақсы іс-әрекеттеріңізбен де соған лайықты бола алмайсыз. Ал Жаратқан Ие Исаны Құтқарушым деп қабылдағандарға осы көктегі өмірді сыйға береді. Бұл - Оның сыйлығы, ешкім оған өздігінен лайықты емес!

Сонымен біз бұл тараудан Исаның адамды әзәзілден қалай құтқаратыны туралы оқыдық. Ол әйелді сауықтырып, қыз баланы өлімнен қайта тірілтті. Құтқарушымыз қандай керемет! Исаға ғана сеніп, үміт артсаңыз, Ол сізге жаныныштығын сыйлайды.

БЕСІНШІ САБАҚ

ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ СҮЙІСПЕНШІЛІГІ

САБАҚ ЖОСПАРЫ:

1. Марқа жазған Ізгі хабардың 6-тарауын оқыңыз.
2. Осы сабақтың материалын мұқият оқып шығыңыз.
3. №5 тексеру жұмысының сұрақтарына жауап беріңіз.

Біз 2-тарауда Исаның Жаратқан Иенің кінәратсыз Қызметшісі екеніне қарамастан, яһуди ақсақалдарының оны жек көргеніне назар аударған едік. 6-тарауда Исаның Өзінің туған қаласына қалай келгені және халықтың Оған сенім артпағаны туралы баяндалған (1-6 аяттар). Шынайы Құдайға өз туған жерінде қызмет ету сенушіге көбінесе қиынға түседі, ал Құдай біздің дәл солай қызмет еткенімізді қалайды.

Адамдар Исаға сенім артпағанда, Ол шәкірттерін барлық жерде Құдай Патшалығын жариялауға жіберді (7-13 аяттар). Құдай адамдарды сүйеді, Ол тіпті Исаны Құтқарушым деп мойындамағандарды да сүйеді. Сондықтан да Иса елшілерін Ізгі хабарды бүкіл дүниежүзіне жариялауға аттандырды.

Ирод патша Исаның шынайы достарының біреуін өлтірді. Патша мен оның ағасының әйелінің күнәкар өмірлерін Жақия әшкерелеген болатын. Сол әйел патшадан Жақияның басын шабуға бұйыруын сұрады. Жақияның азапты өліміне Иса қатты қайғырды. Бүгінгі күндері де Исаның көптеген ізбасарлары өздерінің Иемізге деген сүйіспеншіліктеріне бола азап шегіп, ауыртпалық көруде. Иса патша ретінде жер бетіне қайтып келгенде Құдай

соларды марапаттайды.

Иса шәкірттерімен бірге Құдайға мінажат етіп, демалу үшін оңаша жерге кетті. Бірақ олардың соңдарынан көптеген халық еріп жүрді. Иса оларға Құдай туралы, Оның сүйіспеншілігі жайлы тәлім берді.

Біршама уақыт өткеннен кейін адамдардың қарындары ашты. Құлазыған айдалада болғандықтан олардың жейтін тамақтары болмады.

Шәкірттері Исадан халықты үйлеріне таратып жіберуін сұрады. Бірақ Иса адамдардың Жаратқан Иенің сүйіспеншілігі туралы біліп, соны көргенін қалады. Шәкірттерде небәрі бес күлше нан мен екі кепкен балық қана болды. Иса соларды қолына алып, халыққа берді. Құдайдың жарылқауымен керемет бір жайт болды. Барлығы да жеп тойынды! Артылып қалғандарын жинап алғанда он екі себет толды.

Құдай бізді сүйеді, біз үшін күнді жарқыратып, жаңбырды жаудырады, тәніміз үшін тамақ береді. Бірақ Ол бізге бәрінен де маңызды бір нәрсені де берді: ол - жанымызға азық болатын Оның Сөзі. Марқа жазған Ізгі хабар - Жаратқан Иенің Сөзінің бір бөлігі: Киелі жазбалар 66 кітаптан тұрады. Олардың барлығы да Жаратқан Иенің Сөзі. Құдай сондай-ақ бізге Өмірдің Наны - Мәсіхті де берді. Сіз Құдайды сүйесіз бе? Оған барлық сыйлары үшін ризашылық білдіріп, алғыс айтасыз ба?

Кері қайтқан жолда, Иса көл бетімен жаяу жүріп келіп, қайыққа мінді. Мұны көрген шәкірттері қорыққаннан айқайлап жіберді. Иса оларға тіл қатып, қорықпауларын сұрап, көңілдерін орнықтырды.

Өмір жолыңызда әртүрлі қайғы-қасірет пен қиындықтарға тап болғаныңызда Иса сізге көмекке келеді. Ол сізді күнәдан құтқарып, күн сайын аман-есен сақтап, қамқорлайды. Ол біздің күнәларымыз үшін өліп, одан қайта тірілді. Енді Ол көкте тұрады, сіздің мінажаттарыңызға құлақ салады. Оған өзіңізді құтқарып, аман сақтауын сұрап мінажат етіңіз.

АЛТЫНШЫ САБАҚ

АТА-БАБАЛАРЫМЫЗ НЕГЕ СЕНГЕН БОЛАТЫН

САБАҚ ЖОСПАРЫ:

1. Марқа жазған Ізгі хабардың 7-тарауын және 8-тарауды 26-аятқа дейін оқыңыз.
2. Осы сабақтың материалын мұқият оқып шығыңыз.
3. №6 тексеру жұмысының сұрақтарына жауап беріңіз.

Иса бес мыңнан астам адамды тамақтандырды, олар бұдан Құдайдың өздеріне деген сүйіспеншілігін көрді. Ол сондай-ақ көптеген ауруларды сауықтырып, оларға Жаратқан Иенің Сөзін жариялады. Ру ақсақалдары Исаны неліктен жек көрді? Олар өздерін Жаратқан Иенің қызметшілеріміз деп есептеді, алайда Исаның жаңа тәліміне сенбеді. Олар ата-бабаларының дәстүрлері мен сенімдерін ұстанды. Иса бізге ата-анамызды сыйлауға тиіс екенімізді айтты (7:10), алайда Құдайдың еркін істеу бәрінен де маңызды.

7-тарауда парызшылдар мен дін мұғалімдері «шәкірттерің қол жуу рәсімін орындамайды» деп Исаны жазғырады. Қол жуу қажет, бірақ Иса адамдарға жүректі тазартудың маңыздырақ екенін көрсеткісі келді. Ал яһудилер барлық әдет-ғұрыптарды қатаң ұстанатын. Олар заңды барлық жағынан да қатаң ұстанатындарға ғана Құдай мәңгілік өмір сыйлайды деп берік сенетін. Бұл қате, өйткені Құдай Өзінің рухани Ұлы - Иеміз Исаға сенім артқандардың бәріне де мәңгілік өмір сыйлайды. Мұнан кейінгі 14-23 аяттарда Иса адамды арамдайтын ішіп-жеген тамағы емес, айтқан жаман сөздері мен іс-әрекеттерінің оның жүрегін, ішкі дүниесін арамдайтынын айтып тәлім береді.

Бұдан кейін Иса бір шетелдік әйелдің жын соққан

қызын сауықтыру үшін ұзақ сапарға аттанады (7:24-30). Әйел Исраил халқынан емес болатын, бірақ ол өзін төмендетіп, сәбилердің тамағының қалдықтарын беруді сұрамайтын «үй күшігімен» салыстырады. Құдайдың барлық адамдарды да сүйетінін білуі үшін Мәсіх әйелдің өтінішін орындады. Иеміз Иса саңырау, тілі мүкіс адамға да көмектесті (31-37 аяттар). Сондықтан адамдардың: «Ол істеген әр нәрсе де керемет жақсы!» деп айтқандарына таңғалмаса да болады (7:37).

8-тараудың 1-9 аяттарында Исаның біразырақ тамақпен төртмыңдай адамды тойындырғаны баяндалған. Халықтың барлығы да тамақтанып, тойып алған қалдықтарды жинап алғанда жеті үлкен себет толады. Бұдан әрі көптеген ізгі істер жасағанына қарамастан, парызшылдардың Исаны сынамақ болғанын көреміз (10-13 аяттар). Олар Исадан көктің құдіретімен бір кереметті көрсетуін талап етті, бірақ Ол бұған дейін көптеген кереметтерді көрсеткен болатын. Адамдар өздігінен сенгілері келмеген кезде оларға ешқандай көрініс не керемет көмектесе алмайды. Сондықтан да Иса шәкірттеріне Құдайдың емес, ата-бабаларының айтқандарын орындауға ұмтылған парызшылдарға ұқсамаңдар дейді. Тек Киелі жазба ғана бізге Құдай туралы шынайы тәлім береді.

Құдай Өзі туралы халыққа жариялау үшін көптеген пайғамбарларды жіберді. Солардың кейбіреулері Құдайдың жетелеуімен кітаптар жазып қалдырған. Сол кітаптардың бәрі бірігіп Киелі кітапты құрайды.

Өткен замандарда жазылған әртүрлі көптеген жазбалар бар. Солардың кейбіреулерінде ақиқат бар болғанымен, кейбір басқаларында Киелі жазбаға сәйкес келмейтін нәрселер айтылған. Біз Киелі жазбаның Құдайдың Сөзі екеніне және ондағының бәрінің ақиқат шындық екеніне нық сене аламыз. Ол бізге Мәсіх туралы, Оған сенім артқандардың бәрінің де мәңгілік құтқарыла алатыны жайлы баяндайды.

ЖЕТІНШІ САБАҚ РУХАНИ ҰЛ

САБАҚ ЖОСПАРЫ:

1. Марқа жазған Ізгі хабардың 8-тарауын 27-аяттан бастап соңына дейін, сондай-ақ 9-тарауды оқыңыз.
2. Осы сабақтың материалын мұқият оқып шығыңыз.
3. №7-тексеру жұмысының сұрақтарына жауап беріңіз.

Иса Жаратқан Иенің ешбір кінәратсыз Қызметшісі болды. Алайда біз көптеген адамдардың Оған сенім артпағанын көреміз. Кейбіреулері Оны пайдасыз, жаман адам десе, басқалары Оны ұлы пайғамбар немесе ұлы тәлімгер деп есептеді (28-аят).

Петір мен басқа да шәкірттері Исаға шын жүректен сенді. Олар Исаны - Мәсіх, Құдай жіберген Құтқарушы және Патша деп білді (29-аят). Бірақ олар біздің құтқарылуымыз үшін Оның өлуге тиіс екенін білмеді (8:31-38; 9:31 қараңыз). Құдай адамдардың барлығы да күнәкарлар, ал күнәкарлардың бәрін өлім күтіп тұр деген. Алайда Иса ешбір күнә жасаған жоқ, әрі Ол біздің бәріміз үшін құрбан болды. Сондықтан да біз Оған сену арқылы құтқарыла аламыз.

Иса сондай-ақ шәкірттеріне Өзінің өліп, қайта тірілетінін де айтқан (8:31; 9:31). Қазір Ол мәңгілік тірі, Өзіне сенім артқандардың бәрін құтқарады.

9:1-13 аяттарда Исаның Петір, Жақып пен Жоханды ертіп бір биік таудың басына көтерілгені суреттелген. Сол жерде Оның сыртқы түрі өзгеріп, киімдері жарқырап аппақ болып кетеді. Шәкірттері Исаның ежелде өмір сүрген Илияс және Мұса пайғамбарлар мен сөйлескенін көреді. Содан кейін олар: «Бұл - Менің сүйікті рухани Ұлым, Оны тыңдаңдар!» деген Жаратқан Иенің даусын естиді (9:7).

Осы әлем жаратылмас бұрын да Құдайдың рухани Ұлы Әкесімен бірге көкте тұрып келген еді.

Құдай аспанды, жерді және барлық адамдарды жаратты. Ол өзі қалағанның бәрін де істей алады. Ол адам тәнін қабылдап, сырт көрінісімен адам іспетті болып осы әлемге келе алды. Ол адамдарды сүйді, сондықтан да жер бетіне келгісі келді. Ол мұны Мәриям сәбиін туғанда іске асырды. Оны Иса деп атады. Ол Құдайдың рухани Ұлы еді. Исаны Құдайдың рухани Ұлы деп айтқанда, біз Оның Әкемен дүниені жаратпастан бұрын да бірге болғанын ұмытпауға тиіспіз. Құдайдың рухани Ұлы не туылу, не жаратылу арқылы пайда болған емес. Бірақ кейін Ол бұ дүниеге пәк қыз Мәриям арқылы нәресте іспетті туылып келді. Ол Әкесімен біртұтас.

Ол адам іспетті өмірін қиып, өле алды. Ешбір күнәсі жоқ Адам ретінде Ол басқалар үшін Өзінің өмірін құрбан ете алды. Құдайдың рухани Ұлы ретінде Оның өмірі көптеген адамдардың өміріне қарағанда әлдеқайда құндырақ еді. Сондықтан да Ол біздің бәріміз үшін Өзінің өмірін айқыш ағашта құрбан етті. 10:45 аятты оқыңыз.

9-тараудың қалған бөлігінен біз Құдайдың рухани Ұлының түрлі аурулардан азап шеккен адамдарға қалай көмектескенін әрі оларға көптеген нәрселерді үйреткенін көреміз. Осы жолдарды оқи отыра өзіңізге: «Мәсіхті (өзімнің) жеке Құтқарушым ретінде қабылдадым ба?» деген сұрақ қойсаңыз екен.

СЕГІЗІНШІ САБАҚ

БАЙ ЖІГІТ ЖӘНЕ МҮСӘПІР ЖАРЛЫ

САБАҚ ЖОСПАРЫ:

1. Марқа жазған Ізгі хабардың 10-тарауын оқыңыз.
2. Осы сабақтың материалын мұқият оқып шығыңыз.
3. №8 тексеру жұмысының сұрақтарына жауап беріңіз.

Бүкіл жер бетінде бірқатар адамдар байлыққа ие болса, басқалары ештеңесі жоқ жарлы кедейлер. Көптеген танымал адамдар ақиқатқа алыс нәрселер туралы тәлім беріп қыруар ақша табады. Құдайдың рухани Ұлы көкте болған кезде бүкіл байлық пен даңқ Онікі болды. Жерге келіп бізді құтқару үшін Ол солардың бәрін тастады. Мұнда Ол алдымен әдеттегідей еңбек етті, содан кейін Ұстазға айналды. Жер бетінде Оның ешқашан байлығы болған жоқ, алайда Ол барлық адамдарға шынайы тәлімді үйретті.

10-тарауда біз Исаның тәлімдері жайлы оқимыз: алдымен отбасының өмірі жайлы (1-12 аяттар), одан әрі балалар туралы (13-16 аяттар) айтылған. Осы аяттарды зейін сала оқып шығыңыз.

Бір бай жігіт Исаға келіп, мәңгілік өмір және оған қалай ие болуға болатыны жайлы сұрақ қояды. Иса оған ең маңыздысы Құдайдың заңдарын орындау қажет дейді (19-аят). Жігіт өзінің бұлардың бәрін жастайынан орындап келе жатқанын айтты. Әйтсе де байлығы оған Құдайға толықтай бағышталуына кедергі жасайтын. Иса әлгі жігітке ащы болса да шындықты айтуға тиіс болды,

өйткені Иеміз оны сүйетін. Өзіне айтылғандардан жігіттің еңсесі түсіп қапаланып, сол жерден кетіп қалды. Иса айнала қарап, шәкірттеріне бай адамның құтқарылуға қол жеткізуінің қиын екенін және ешкімнің де өз-өзін құтқара алмайтынын айтты. Құдайдың қолынан бәрі де келеді. Тек Исаның Өзі ғана бізді құтқара алады.

Құдайға қызмет етіп, бізді құтқару үшін Ол бәрін берді. Сондықтан бізден де Ол үшін бәрінен бас тартуға дайын екенімізді білдіргенімізді қалайды. 28-аятта Петір өзінің және басқа да шәкірттердің барлығын тастап, солай істеп жүргендерін айтады. Алайда Иса салтанатты ұлылығына ие болған кезде Жақып пен Жохан басқалардан жоғары дәрежеде болғылары келді (35-37 аяттар). Иса оларға сондай уәде берген жоқ.

Иерихон қаласының қақпасының жанында қайыр сұрап бір зағип отырған еді. Адамдар оған Исаға өтініш жасауына тиым салды (48-аят). Бірақ Исаның өзі оны шақырып алып, көзін ашып, көретін қылды.

Осы күндері кейбір адамдар сіздің Исаға өтініш жасауыңызға жол бермеуге тырысады. Бірақ Ол сізді Өзіне шақырады. Егер Оған барсаңыз, Ол сізге көмектеседі. Иса жарлыларға ақша үлестірген жоқ, Ол соларға ең маңызды нәрсені істеді. Ол сізге күнәларыңызды кешіру мен мәңгілік өмірді ұсынады.

Сіз мәңгілік өмірге ие болсын деп сіздің күнәларыңызға бола Ол өз өмірін айқыш ағашқа құрбан етті. Бейшара күнәкар бола тұра, сіз Құдайға ұлы борышыңызды төлей алмадыңыз. Алайда Мәсіх сіздің күнәларыңыз үшін өз өмірін құрбан етіп оны артығымен өтеді. Сізді Құдай алдындағы борышыңыздан біржола және толықтай босатты. Ол осы істі орындады. Енді сізге қалғаны - Оған сеніміңізді артып, сыйлығын қабылдау.

ТОҒЫЗЫНШЫ САБАҚ

ИСАНЫҢ ПАТША ІСПЕТТІ ИЕРУСАЛИМГЕ КІРУІ

САБАҚ ЖОСПАРЫ:

1. Марқа жазған Ізгі хабардың 11-тарауын және 12-тарауды 17-аятқа дейін оқыңыз.
2. Осы сабақтың материалын мұқият оқып шығыңыз.
3. №9 тексеру жұмысының сұрақтарына жауап беріңіз.

Мәсіх жер бетіне келместен көп бұрын Құдайдың пайғамбарлары ұлы Патшаның келетіні жайлы алдын ала айтып кеткен. Олар Оны Иерусалимге тайқардың, жас есектің үстіне кішіпейілдікпен мініп алып кіретіні жайлы айтқан.

Иса барлық істе де Құдайдың еркін орындаған Оның ұлы Қызметшісі болды. Құдай Оны бүкіл әлемнің Патшасы болуға шақырды. Бұл тарауда Өзін яһудилердің Патшасы екенін жариялау үшін Исаның Иерусалим қаласына кіргені жайлы баяндалған.

Исаның өздеріне Патша іспетті келгеніне қарапайым халық шын жүректен қуанды (11:9-10).

Иса адамдардың күнәға деген өз көзқарастарын өзгертпегенін, одан шын жүректен бас тартпағандарын білді. Бұл жайлы Ол яһудилермен, ақсақалдармен әлденеше рет сөйлескен болатын. 12-14 аяттарда суреттелген інжір ағашы яһуди халқын білдіреді. Ол Құдайға жемісін бермегендіктен ұзақ уақытқа тасталып, жалғыз қалдырылды.

Иса мұнан кейін ғибадатханаға барып, ондағы сатушылар

мен алушыларды қуып шықты (15-19 аяттар). Ол шәкірттерін Құдайға сенім артуға үйретті (20-25 аяттар). Діни қызметкерлер Одан мұны қандай билікпен істеп жатқанын сұрады. Иса бұл туралы оларға айтып беруге міндетті емес еді.

12-тарауда Иса жүзім бағын отырғызған бір адам жайлы баяндайды. Басқа жаққа сапарға аттанарда иесі сол бағын жүзімшілерге жалға тапсырады. Мерзімі жеткенде бақтың өнімінен тиісті үлесін алу үшін ол жүзімшілерге қызметшілерін жұмсайды, бірақ жалға алғандар олардың бірқатарын ұрып-соғып, ал басқаларын тіпті өлтіріп тастайды. Ақыр соңында бақ иесі оларға өз ұлын жұмсағанда жүзімшілер оны да өлтіріп, бақ сыртына лақтырып тастайды.

Осы астарлы әңгіме Құдайдың халқы жайлы. Құдай яһудилермен Келісім жасаған болатын, алайда олар Құдайды даңқтамады. Ол халыққа Өзінің қызметшілерін, пайғамбарларын жіберді, бірақ яһудилер соларға құлақ түріп, сондарынан ермеді. Ақыр соңында Құдай оларға Өзінің жалғыз рухани Ұлы - Иса Мәсіхті жіберді. Ал халық Оны да өлімге берді. Өз Ұлын осылай қорлағаны үшін Құдай адамдарға жазасын тартқызады. Парызшылдар кейінірек Иеміз Исаны айыптамақ болып екі рет әрекеттенді, алайда оларға қарағанда ерен даналыққа ие Ол солардың өздерін масқаралады (12:13-27).

Осы күндері көптеген адамдар өздерінің күнәға деген көзқарастарын өзгертпестен Исаны Ұлы Ұстаз деп атайды. Құдай күллі адамдардан айрықша бөлек. Адамдар Оның рухани Ұлын өлімге бергендіктен, Ол қатты ашулы. Алайда Исаға сенім артқандардың барлығы да құтқарылатын болады. Бір кезде Иса Патша ретінде жер бетіне келеді, алайда Оның қай күні, қай сәтте келетіні бізге мәлім емес. Жер бетіне келгенде Ол Өзіне сенім артпағандардың бәрін де соттайтын болады. Оған қазір сеніміңізді артып, құтқарылуға ие болыңыз.

ОНЫНШЫ САБАҚ

БОЛАШАҚ ЖАЙЛЫ ТӘЛІМ

САБАҚ ЖОСПАРЫ:

1. Марқа жазған Ізгі хабардағы 12-тараудың 18-аятынан бастап аяғына дейін және 13-тарауды оқыңыз.
2. Осы сабақтың материалын мұқият оқып шығыңыз.
3. №10 тексеру жұмысының сұрақтарына жауап беріңіз.

Иса Иерусалимге Өзін халыққа Мәсіхпін деп жариялап келді. Билік басындағылар Оған сенбей, Оны өлтіргілері келді. Сондықтан да Иса шәкірттеріне заманның ақырында не болатыны жайлы айтып берді.

Кейбір саддукейлер өлімнен қайта тірілу жоқ деп сенбейтін. Солар Исаға келіп, жеті ағайынды жігіт туралы сұрақ қойды. Олар мұны қулықпен сұраған еді. Иса оларды Киелі жазбаларды және Құдайдың құдіретін ұқпай жүрсіндер деп айыптады (12:24). Киелі жазбада Исаны өлімнен қайта тірілтуге Құдайдың құдіреті жетті және бүкіл өлгендердің бәрі өлімнен қайта тірілетін күн де жетеді делінген.

Баска да адамдар көңілдеріндегі сұрақтарымен Исаға келіп, Ол соларына жауап берді. Алайда Исаның өздеріне қойған сұрақтарына олар жауап бере алмады (12:35-37), өйткені Исаның Құдайдың рухани Ұлы екеніне сенбеді. Иса халыққа дін мұғалімдерінің екіжүзділігін айтып сақтандырып, тәлім берді (12:38-40). Халық Исаның айтқандарына сүйсіне құлақ салып тыңдады. Бір жарлы әйел Құдайға қолында барының бәрін де бағыштап берді.

13-тарауда (4-аят) шәкірттері Исаға болашақта не болатыны туралы сұрақ қояды. Болашақ жалғыз Құдайға ғана мәлім. Құдайдың рухани Ұлы ретінде Иса бәрін де біледі. Сондықтан Ол шәкірттерінің өтініштерін қанағаттандырып, барлық сұрақтарына жауап берді.

Иса шәкірттеріне Өзінің атын жамылып, көп кісілер келетінін (13:6,21-23), соғыстар мен шайқастардың, жер сілкіністер мен ашаршылық болатынын (13:7-8), адамдар оларды Исаны мойындағандары үшін жек көретінін айтып сақтандырды (13:9-13). Өлімнен құтылу үшін олар жан сақтап қашуға тиіс екенін (13:14-20) және осы қорқынышты оқиғалар көп кешікпей болатынын айтып ескертті.

Бірақ сол қиын-қыстау кезеңнен кейін «күнді қараңғылық басып, ай да жарқырамайтын болады. Жұлдыздар аспаннан құлап, аспан күштері шайқалады». Исаның Өзі Билеуші ретінде ғаламат күдіретпен, салтанатты ұлылықпен киелі періштелерімен көктен келеді. Ол періштелерін жіберіп, әлемнің о шетінен бұ шетіне дейін, дүниенің төрт бұрышынан Оның таңдап алған адамдарын алдына жинап әкеледі. Содан кейін Иса Мәсіх бүкіл жер бетіне мың жыл бойы патшалық құратын болады.

Иеміз Исаның қашан қайтып келетіні бізге белгісіз. Ол қайтып келгенде Өзіне сенім артпаған бүкіл адамдарды соттайды. Олар мәңгі сәнбес тозақ отына тасталады (9:43-48). Исаға бүгін, қазір келу керек, сонда Ол сіздің барлық күнәларыңызды кешіріп, ақтайды.

ОН БІРІНШІ САБАҚ

ИСА СОТ АЛДЫНДА

САБАҚ ЖОСПАРЫ:

1. Марқа жазған Ізгі хабардың 14-тарауын және 15-тарауды 15-аятқа дейін оқыңыз.
2. Осы сабақтың материалын мұқият оқып шығыңыз.
3. №11 тексеру жұмысының сұрақтарына жауап беріңіз.

Құдайдың кінәратсыз Қызметшісі Иса әрдайым Құдайдың еркін орындады. Құдай бүкіл адамдарды сүйеді, сондықтан Иса мұқтаждықтағылардың бәріне де көмектесуге тырысты. Алайда басты діни қызметкерлер мен дін мұғалімдері бұрынғысынша Исаға қарсы шығып, Оны айламен қолға түсіріп, өлтірудің жолын қарастырды (14:1-2).

Шәкірттері Исаны қатты сүйетін. Бір әйел аса құнды иісмайды әкеліп, оны Исаның басына құйды (14:3-9). Ал он екі елшінің біреуі, ашкөздігі түрткілеген Яһуда Исқариот басты діни қызметкерлерге барып, оларға Исаны ұстап беруге сөз берді (14:10-11). Өзіңіз үшін соншама көп ізгілік істеген Иса Мәсіхті сіз шын жүректен сүйесіз бе?

Иса Өзін ертеңгі күні өлтіретінін білді (14:27). Сондықтан Ол Құдайға сиынып, мінажат ету үшін үш шәкіртін ертіп алып Гетсимани бағына барды (14:32). Сол жерге Исаны қолға түсіру үшін семсер мен сойыл ұстанған бір топ адамды ертіп Яһуда да келді. Иса ешбір бөгетсіз құтылып кете алар еді, бірақ та Ол еш қарсылықсыз олармен бірге кетті.

Олар алдымен Исаны бас діни қызметкерге апарды (14:53). Иса бас діни қызметкердің сұрағына Өзінің Құдайдың рухани Ұлы екенін айтып жауап бергенде, ол Исаны өлім жазасына лайық деп мәлімдеді. Сондықтан да жиналғандар Оны келекелеп, ұрып-соққылап, бетіне түкіріп қорлады (14:65).

Петір жақын жерде болатын, бірақ болып жатқандардан қатты қорқып қалған еді. Одан: «Сен де Мәсіхтің шәкірті емессің бе?» деп сұрағанда, Петір Исадан бас тартты. Кейін ол Исаның азап шеккенін көргенде, істегеніне шын жүректен қатты налып жылады.

Діни қызметкерлер Исаны римдік әмірші Пилатқа апарып, табыс етті. Иса Пилаттың алдында Өзінің Яһудилердің Патшасы екенін растады (15:2). Пилат Исаның соттарлықтай қылмыс жасамағанын білді, сондықтан Оны босатып жібергісі келді.

Сол тұста Барабба есімді бір қылмыскер түрмеде отырған болатын. Пилат халыққа «Яһудилердің Патшасын» босатып беруді ұсынды (15:9). Алайда басты діни қызметкер мен рубасылары халық тобырын Пилаттан Бараббаны босатып, Исаны айқышқа шегелеуді талап етуге көндіріп қойған еді. Халықтың көңілінен шыққысы келген Пилат Исаны өлтіруге бұйрық берді.

Пилат өзінің Исаға шығарған үкімінің заңсыз екенін білді, өйткені Иса бүкіл өмір бойы Құдайдың еркін орындауға және адамдарға көмектесуге ұмтылған еді. Сіздің алдыңызда: «Ал өзіңіз Исаға не істеген болар едіңіз?» деген маңызды сұрақ тұр. Оның, Құдайдың кінәратсыз Қызметшісінің, сіздің жасаған күнәларыңыз үшін айқышта құрбан болғандығын өзіңіз жақсы білесіз. Егер сіз Құдайдың рухани Ұлына сенім артсаңыз мәңгілік өмірді мұра етесіз. Ал Оны өзіңіздің Құтқарушыңыз ретінде қабылдасаңыз өз күнәларыңыздың жазасын тартып өлесіз. Сондықтан да Иеміз Исаға бүгін, қазір келіңіз, сонда Құдай сізді кешіріп, Өзінің баласы етеді.

ОН ЕКІНШІ САБАҚ

ИСА ӨЗ ӨМІРІН АДАМДАР ҮШІН ҚҰРБАН ЕТТІ

САБАҚ ЖОСПАРЫ:

1. Марқа жазған Ізгі хабардың 15-тарауын 16-аяттан бастап аяғына дейін және 16-тарауды оқыңыз.
2. Осы сабақтың материалын мұқият оқып шығыңыз.
3. №12 тексеру жұмысының сұрақтарына жауап беріңіз.

Сот ретінде Пилаттың, бас діни қызметкерлер мен халықтың - бәрінің де Исаны өлтіргілері келгенін мойындау жанымызды қапаландырады. 15:16-20 аяттарда жасақшылардың Исаны қорлағаны суреттелген. Олар Исаның басына тікенді бұтақшалардан өрілген тәж кигізіп, басын таяқпен ұрғылап, бетіне түкірді. Содан кейін Исаны айқыш ағашқа шегелеп өлтіру үшін қала сыртына қарай алып кетті. Шимон есімді күренелік ер адам Исаға айқыш ағашты арқалап алып жүруге көмектесті. Сол ағаш тым ауыр болатын.

Жасақшылар Исаны айқыш ағашқа керіп шегелеп, Онымен бірге екі қаракшыны да, біреуін оң, екіншісін сол жағындағы айқыш ағаштарға, керіп шегелеп, тік көтеріп қойды. Жасақшылар әрқайсысы өз үлесін алу үшін, Исаның киімдерін жеребе тастап бөлісті. Қасынан өтіп бара жатқандар бастарын шайқап: «Айқыштан түсіп, Өзіңді құтқарып ал!» деп, Исаны келеке етті. Басты діни қызметкерлер мен дін мұғалімдері де Оны мазақтап: «Мынау басқаларды құтқарыпты, бірақ Өзін құтқара алмайды екен!» десті.

Тал түсте бүкіл жерді қараңғылық басты, сағат үште Иса қатты дауыспен айқайлап: «Құдайым, Құдайым! Неліктен Мені жалғыз қалдырдың?» деді. Содан кейін қатты дауыстап жіберіп, жан тәсілім етті. Мұны көрген римдік жүзбасы Исаның шынымен Құдайдың рухани Ұлы екенін мойындады (15:39).

Жүсіп атты беделді бір кісі Исаның мәйітін айқыштан түсіріп, кебінге орап, қабірге апарып қойды.

Исаның өліміне шәкірттері қатты қайғырды. Бірнеше әйел қабірге барып, одан тек періштені ғана көреді. Періште оларға: «Айқышқа шегеленіп өлген назареттік Исаны іздеп жүрсіндер ғой! Ол мұнда жоқ, қайта тіріліп кетті! Оның қойылған орнын қараңдар!» деді (16:6). Алғашқыда әйелдер қатты қорқып кетті, бірақ кейін Құдайдың Исаны өлімнен қайта тірілкенін білді. Өлім Құдайдың рухани Ұлына билік жүргізе алмады.

Кейінірек Исаны Мәриям (16:9), одан кейін екі шәкірті, ақыр соңында Исаның он бір елшісі көрді. Иса оларға бүкіл жер бетіндегі күллі адамдарға барып, Ізгі хабарды жариялауға бұйырды (16:15). Бұдан кейін Иеміз Иса көкке көтеріліп, Құдайдың оң жағына жайғасты.

Сонымен біз Құдайдың рухани Ұлының көктен келіп, барлық істе де Әкесінің еркін орындағанын көрдік. Ол біздің күнәларымыз үшін айқыш ағашта құрбан болды. Құдай Исаны өлімнен қайта тірілтіп, Ол көкке көтеріліп кетті. Адамдар Оны маскара өлімімен өлтіріп, қорлады. Құдай Оны өлімнен қайта тірілтіп, абырой мен даңқа бөледі.

ИСАҒА СЕНЕТІН АДАМНЫҢ ӨМІРІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАФИДАЛАРЫ

Киелі жазбаны күн сайын оқу.

Күн сайын Құдайға сиынып мінажат ету.

Исаға сенетіндердің қауым жиналыстарына жүйелі түрде бару.

Иса туралы куәлік беру.

Киелі жазба - Сіздің рухани азығыңыз. **Исаға сенуші ретіндегі Сіздің өсіп-жетілуіңіз Құдайдың Сөзін қабылдап**, іс жүзінде өмірде **қолдануыңызбен** тікелей байланысты. Біз сізге Інжіл шарифті оқуды Жохан немесе Марқа жазған Ізгі хабардан бастауды ұсынамыз. Бір не одан көп тарауды мән беріп оқып шығуға күн сайын арнайы уақыт бөліңіз.

Дұға етіп Құдайға сиыну - Сіздің Құдаймен қарым-қатынасыңыздың тағы бір түрі. Өзіңізге істегендері үшін Құдайға алғыс айтыңыз. Одан ақыл-даналық беруін, көмектесуін және барлық істеріңізге басшылық етуін сұраңыз.

Иса Мәсіхке сенетін басқа адамдармен қарым-қатынаста болу аса қажеттілік!

Мәсіх оның солай болғанын қалайды, әрі бұл өзіңіз үшін де өте қажет. Өйткені сіз басқа сенушілер тарапынан қолдау көріп, бағыт-бағдар аласыз әрі өзіңіз де басқаларға көмектесесіз.

Сіздің сөздеріңіз сияқты, сіздің іс-әрекеттеріңіз де сізге куәлік береді. Үйде, жұмыста, мектепте, тіпті түрмеде болсаңыз да Сіз өзгелерден айрықша болуға тиіссіз.

Сол айрықша қылатын нәрселер: сіздің бойыңыздағы сүйіспеншілік, төзімділік, түсіне білушілік. Мәсіхтің өзіңізге не істегені туралы біреуге айтып берудің мүмкіндігін жасауды сұрап дұға етіңіз.

ИСА МӘСІХКЕ СЕНУШІ РЕТІНДЕ ӨМІР СҮРУ НЕНІ БІЛДІРЕДІ?

Егер Сіз тек Исаға деген сенім ғана өзіңізді Көкке апаратынына нық сенсеңіз, онда өміріңізде жаңа ережелерді ұстанған жөн.

1. Құдайға мінажат етіп сиыныңыз

Құдайға сиыну - Онымен тікелей сөйлесу (Філіпі 4:6-7). Ол мынандай бөліктерден тұрады: Құдайды мадақтап, дәріптеу, басқа адамдар жайлы мінажат ету және өз күнәңізді мойындау. Құдай сіздің мәңгілік досыңыз болғысы келеді, егер тәубаға келіп күнәларыңызға өкінсеңіз, Сізді әрдайым кешіргісі келеді. **«Егер «күнәсізбіз» десек, онда өзімізді алдап, бізде шындықтың болмағаны. Егер де күнәларымызды мойындасақ, Құдай сенімді де әділетті болғандықтан оларды кешіріп, бізді барлық әділетсіздігімізден тазартады»** (Жохан. 1-хаты 1:8-9).

2. Киелі жазбаны оқыңыз

Киелі жазба - Өзіңізге арналған Құдайдың Сөзі. Оны күн сайын оқыған жөн (Петір 1-хаты 2:2). Оқуды Філіпіліктерге арналған хатпен бастаған жақсырақ. **«Киелі жазбалардың бәрі Құдай Рухының жетелеуімен жазылған. Олар тәлім беру, әшкерелеу, түзету әрі әділдікке тәрбиелеу үшін тиімді. Осылай Құдайдың адамы барша игі іске дайындалып, толықтай даяр болмақ»** (Тімоте 2-хат 3:16-17).

3. Жаратқан Иенің айтқан сөзін есіңізге сақтап алыңыз

Жохан жазған Ізгі хабардағы Құдайдың бізге мәңгілік өмір беретіні жайлы жазылған 5:24 аятты оқып, есте сақтап алыңыз. Есіңізге сала кетейік, онда былай делінген: **«Сендерге тағы бір маңызды шындықты айтайын: кімде-кім айтқан сөздеріме құлақ асып, Мені Жібергенге сенсе, сол мәңгілік өмірге ие. Ол қиямет сотына тартылмайды, керісінше, рухани өлімнен шынайы өмірге өтті»** (Жохан 5:24).

«Күнә жасамауым үшін Саған қарсы, Жүрегіме сақтадым айтқандарыңды» (Забур. жыр 118:11).

4. Пікірлес адамдарды іздеңіз

Мүмкін болған кездің бәрінде Исаға сенушілердің жиналыстарына барыңыз. Өзге сенушілердің көмегімен сіз өз сеніміңізді нығайтыңыз (Еврей. хат 5:1-12). **«Өзара сүйіспеншілік көрсетіп, игілік істеуге қозғау салудың қамын ойлайық. Кейбіреулер сенушілердің жиналыстарына бармай қалуды дағдыға айналдырып алған сияқты. Ал біздер солай істемей, бір-бірімізді одан бетер жігерлендірейік. Иеміздің қайтып келетін күнінің таяп қалғанын білесіңдер ғой»** (Еврей. хат 10:24-25).

5. Өзге адамдармен Құдайдың Сөзі жайлы сөйлесіңіз

Сіз өзіңіздің ізгілікті өміріңіз және басқа адамдармен өз сеніміңіз жайлы бөлісуіңіз арқылы Мәсіхке деген сеніміңізді дәлелдей аласыз. Сіздің ойыңызша, Иса сыйлайтын кешірім мен мәңгілік өмірге кім мұқтаж? Солармен Құдайдың Сөзімен неге бөліспеске? **«Зерделі**

жан адамдарды әділдікке тартар» (Накыл сөз. 11:30).

6. Көмек қажет болса сұраңыз

Біз Сіздің Құдайға деген сеніміңізді нығайтуға көмектескіміз келеді. Сізге Киелі жазбаларды оқып-үйренуге арналған кітаптарды ұсынамыз. Біздің кітаптарымыз мына тақырыптарды қамтиды: құтқарылу, сенімнің қалыптасуы, рухани әдебиеттер оқып-үйрену, Иса Мәсіхтің тәлімі және жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынастарды жетілдіру туралы. Барлық кітаптар тегін беріледі.

Сіз Құдай үшін де, біз үшін де маңыздысыз.

Біз Сіз туралы Құдайға сиынып дұға етеміз.

Забур жырлары 22

Жақсы Бағушы
(Дәуіттің жыры.)

1 Жаратқан Ием — менің Бағушым,
Мен еш нәрседен де тарықпаймын.

2 Ол мені жасыл жайлауға жаяды,
Тұнық суға жетелеп апарды.

3 Тәңірім жаныма күш дарытады.
Есімі «Қасиетті» болғандықтан,
Мен сенімімді артамын да Оған:
Ол мені тура жолмен жетелейді.

4 Қап-қараңғы шатқалда жүрсем де мен,
Қорықпаймын ешбір қауіп-қатерден,
Себебі Өзің менің қасымдасың,
Жігер береді таяғың мен сойылың.

5 Сен маған дастарқан жаясың
Көз алдында дұшпандарымның,
Мені құрметпен қарсы алып,
Тостағанды толтыра құясың.

6 Жақсылық пен мейірімділік
Үлесім болады өмірлік,
Жаратқан Иенің үйінде
Мен қала беремін мәңгілік.

Аумин.

**Свет на востоке
“Эммаус”
а/я - 68
г. Алматы
КАЗАХСТАН
050031
e-mail: emmaus-ca@eemail.org**